

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 2427 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесінің жұмыс істеу және оған Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің қатысу ережесін бекіту туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі N 201 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 шілдедегі N 205 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 16 тамызда тіркелді. Тіркеу N 3010. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 23 қыркүйектегі N 218 қаулысымен.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 23 қыркүйектегі N 218 қаулысымен (2006 жылы 27 қазанда N 189 "Заң газеті" газетінде жарияланды).

-----Қаулыдан үзінді-----

Нормативтік құқықтық актілерді "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" 2006 жылғы 7-шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкестендіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы
Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші осы қаулының қосымшасына сәйкес жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы 2007 жылғы 1-қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі...

Төраға

*Қазақстан Республикасы Қаржы
нарығын және қаржы ұйымдарын
реттеу мен қадағалау агенттігі
Басқармасының 2006 жылғы
23 қыркүйектегі N 218 қаулысына
қосымша*

Қазақстан Республикасының күші жойылды деп танылған депозиттеріне міндетті кепілдік беру мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

4. "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 2427 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесінің жұмыс істеу және оған Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің қатысу ережесін бекіту туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі N 201 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 шілдедегі N 205 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3010 тіркелген, "Қазақстан Республикасының орталық атқару және өзге мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер Бюллетенінде" 2005 жыл, N 15, 108 - б а п т а ж а р и я л а н ғ а н) .

Жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесін жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесінің жұмыс істеу және оған Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің қатысу ережесін бекіту туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі N 201 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2427 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында 2003 жылғы 11-24 тамызда жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген, Жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесінің жұмыс істеу және оған Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің қ а т ы с у е р е ж е с і н і ң :

кіріспесіндегі "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" деген сөздерден кейін ", "Қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу мен қадағалау туралы" деген сөздермен толықтырылсын;

9 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қор активтерінің 80 (сексен) процентінен кем емес мөлшері - Қордың Директорлар кеңесі бекіткен тізбеге сәйкес бағалы қағаздарға және басқа да қ а р ж ы қ ұ р а л д а р ы н а ; " ;

2) тармақшада "Ұлттық Банктегі" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі (бұдан әрі - Ұлттық Банк)" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 1 - т а р м а қ т а :

1) тармақшада "Ұлттық Банкпен" деген сөздер "қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен (бұдан әрі - уәкілетті орган)" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшада "Ұлттық Банкке" деген сөздер "уәкілетті органға" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

8) тармақшада "Ұлттық Банк" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 3 - т а р м а қ т а :

5) тармақшада "." деген белгі ";" деген белгімен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) Қор ақшасы орналастырылатын бағалы қағаздардың және қаржы құралдарының тізбесін бекіту.";

15, 16, 30-тармақтардағы "Ұлттық Банктің" деген сөздер "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

31-тармақта "Ұлттық Банкке" деген сөздер "уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 2 - т а р м а қ т а :

"және төтенше" деген сөздер алынып тасталсын;

"осындай жарналарды төлейтін күні" деген сөздер "міндетті күнтізбелік жарналарды төлеудің соңғы есеп беретін күні" деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Қатысушы-банктердің шетел валютасында кепілдік берілетін салымдар (депозиттер) сомасы бойынша төтенше жарналарды төлеуі көрсетілген сомаларды Қордың Директорлар кеңесі айқындайтын күнге белгіленген шетел валюталарының теңгеге рыноктық бағамы бойынша теңгеге қайта есептей отырып жүзеге асырылады.";

43-тармақта "Ұлттық Банктің" деген сөздер "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - қ о с ы м ш а д а :

"Жеке тұлғалардың салымдары (депозиттері) туралы мәліметтер" кестесінің "Қордың депозиттер бойынша өтеу сомасы" деген 7-бағаны алынып тасталсын;

деген кестемен толықтырылсын:

Қордың сомасы	депозиттер (мың теңге)	бойынша	өтеу	
Клиенттер саны				

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

3. Стратегия және талдау департаменті (Еденбаев Е.С.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің мүдделі бөлімшелеріне, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне және оның аумақтық филиалдарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріне жіберсін.

4. Агенттіктің қызметін қамтамасыз ету департаменті (Несіпбаев Р.Р) осы қаулыны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Төрағасының орынбасары Е. Бахмутоваға жүктелсін.

Төраға

Төрағасы

К е л і с і л д і
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Ұ л т т ы қ Б а н к і

2 0 0 4 ж . ш і л д е

(қолы, күні, елтаңбалы мөр)